

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

Ел мен жер киесі



Ел басқару оңай жұмыс емес. Әсіресе, елің ұзақ уақыт бодандықта болып, халық құлдық психологияны әбден мойындауға жақын қалса... Мұны біз КСРО сияқты үлкен империяның құлауынан кейін айқын сезіндік. Ел басқару тәуелсіз мемлекеттің экономикасын қайта құру, шаруашылықты жаңа жолға салу шараларымен де шектелмейді екен. Ел басшысы халық ортасында жиі болып, ұлт тағдыры мен болашағы жайлы

әңгімелердің тұтқасына айналуы қажет екен. Үйреніп қалған қоғамдық жүйені еске алып, бүгінгі өмірге көндіге алмай жүрген халықпен жиі тілдесу, уақытша қиындықтарға мойып қалу фактілерімен танысу, олармен ел болашағы жайлы ашық сырласу Елбасынан жаңа бір биік, өзгеше қабілет талап етті. Ол өзі бастаған ұлы істер үшін әрқашан да күреске дайын болуға тиіс еді. Тіпті, Теміртау мен Қарағандының, Өскемен мен Жаңаөзен жұмысшыларының қиын-қиын жиындарына барып сөз сөйлеуге тура келді. Ол тәуелсіздік жаңа алған, ескі шаруашылығы қирап қалған елдің қиын шылықтарын жасырмай, олармен ашық ой бөлісті. Президенттік беделімен ғана емес, ақыл, ой-парасатымен, алғырлығымен, шешендігімен, көп білетінімен жеңді. Иландырды. Батылдығын, батырлығын көрсетті. Бүгін осыларды ойласақ, біздің Президентіміздің сөйлеген сөздері, публицистикалық мақалалары, сұхбаттары мен пікір, ой-таластарға қатысқанда айтқандарының өзі тұтас бір мектеп екен. Халықтың мезгіл-мезгіл оның сөзін күтіп отыратыны да осыдан болар.

Мұндай шаралар біздің Президентіміздің басқа ешбір мемлекеттер басшыларына ұқсамайтын, одан тіпті бөлек қазақтық психологиясы мен ұлттық бейнесін айқындайды. Оның бойында басшы болумен қатар, қазақ ел билеушілерінің батырлық, шешендік, тапқырлық таланты мен мінезі түйіскен. Сырт формасы бір көрінгенмен, ол мазмұны жағынан нағыз қазақтың өзі, ел ағасы, ақсақалы, абызы, талас-тартысты өзі шешіп төрелігін айта алатын би-шешені, ақылгөйі. Оның бойына Жәнібек пен Қасымның, Есім мен Тәукенің, Абылайдың батырлығы мен Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің әділдігі мен шешендігі дарыған. Қазақ зиялыларының бір кезде Президентті ақ киізге отырғызып, хан етіп сайлайық деген ұсыныстары болғаны есімде. Ұлытауға барғанда қарсы алған жұрттың оны хан ордасына апарып, әдейі дайындалған таққа отырғызып, үстіне хан шапанын жапқанын да білем. Әрине, хандықтың заманы өткен, оған оралуды бүгін ешкім де аңсамайды. Алайда онда қазақ билігінің ұлттық негізі барын, оның хандық психологияға тартып тұратынын жоққа шығаруға болмас. Қалай болғанда да, Елбасымен кездесуге, өздері шеше алмай жүрген мәселелерді ақылдасуға, бетпе-бет тілдесуге халық құмар. Қазақ демократиясының да бір жақсы жері хан мен қараның жиі көрісуінде жатыр.

Ел мен ердің кездесуінің соңғы бір келісті көрінісі – Ұлытау жеріндегі Президент сұхбаты.

Жер – әрқашан киелі. Қазақта мұндай жерлер аз емес. Көркімен, құдіретімен ел санасын қалыптастыруға қызмет еткен қазақтың қасиетті жерінің әр бұрышы киелі-ақ. Көкшетау, Алтай, Алатау, Ертіс, Жайық, Сарысу бойлары, Ұлытау – бәрін санап тауыса алмайсың. Ұлытау да осы ұлылардың бірі, қадірлісі, әруақты жер.

Ұлытау аты қазақ арасына моңғол билеушілігі заманынан бері кеңінен таныс. Жошы осы жерді мекендеп, осында жерленген. Жошы кесенесі – қазақ жеріндегі ең бір көне және бай салынған ескерткіштің бірі. Бату Еуропаға жорығын осы жерден бастаған. Ұлытау жоталарында Алтын орда ханы Тоқтамыс пен ноғай ұлысының билеушісі Едіге бидің сүйегі жатыр. Әмір Темір осы өлкеде болып, Алтын шоқыда белгі қалдырған. Академик Қаныш Сәтбаев тапқан ол тас қазір Эрмитаждағы өте құнды жәдігерліктердің бірі саналады. Қазақтың төл хандары Керей мен Жәнібек ұзақ уақыт Ұлытау бойын жайлаған. Қасым мен Тәуке хандардың сайлау жиындары да осында өткен. Абылай ордасы Ұлытауда тігілген. Жоңғарға қарсы күрестерде ел басшылары мен батырларының көбі осында бас қосып ақылдасқан. Ақтабаншұбырынды, Алқакөл-сұлама оқиғасынан кейінгі қалмаққа берілген алғашқы соққы Қалмаққырылған мен Аңырақайда өткен. Қазақтың соңғы ханы Кенесары орыс отаршылдығына қарсы күресін осында ұйымдастырып, көтерілісшілер оны ақ киізге көтеріп хан сайлаған. 1752 жылы Ұлытауда қазақтың үш жүзінің өкілдері бас қосып, ендігі ел жағдайы жайлы кеңес кен. Осының барлығы Ұлытаудың қазақтың қасиетті өлкесі болуының үстіне, қазақ тірлігінің, қазақ бірлігінің бастауында тұрғандығын әйгілейді.

Біздің Елбасы – осы тарихты жақсы білетін адам. Ел астанасын Алматыдан көшіру жөнінде әңгіме болғанда, табиғи жағдайы бойынша бүкіл республиканың кіндігі

саналатын Ұлытауды да еске алыпты. Оны барып аралап, көріп, тарих ізін барлаған. Сол жолы Президент (1993 жылы 15 қыркүйекте) мемлекет тұтастығы мен халықтар бірлігінің монументі қойылатын орынды («Белгітас») белгілеп, хан ордасында болған. Сөйтіп Нұрекең тұңғыш рет Ұлытау жерінде Жошыдан бері сақталған ел билеушілерін (хандарды) ұлықтаудың дәстүр ырымын жасаған.

Халықпен бетпе-бет отырып, әңгімесұхбат құру, ел жағдайы, оның өзекті мәселелері жайлы кеңесу осындай атмосферада тіпті салтанатты көрінеді. Оның үстіне Ұлытау төсіндегі әңгіме ат үстінде не мәжілісте емес, Әулиетаудың баурайында, Әулие бұлақтың басында жайғасып отырып, ағайынмен жақын өткен сыр сияқты әсер қалдырады. Бей ресми әңгімеде Елбасы халқына бар ойын, пікірін бүкпесіз ашық айтып, ел бірлігінің мәселесін қозғап, оларды болашаққа, жаңа тіршілікке қарай бағыттайды. Өзі айтқандай, менің ойыма «ойдағы ел қырдағы елмен араласып» келіп, әңгіме тыңдап, аяғында бір-бірімен табысып, құда болысып, көңілдері жайланып тарап жатқандай көрінеді. Сөйтіп, Ұлытау қасиеті – жер киесін тағы бір еске салады.

Президент сапарының негізгі мақсаты Жезқазған-Бейнеу, Арқалық-Шұбаркөл теміржол тармақтарының салынуымен байланысты болғаны белгілі. Бұл – Қазақстанның ішкі аймақтарын жалғастыру мақсатында жасалған мемлекеттік бағдарламаның бір тармағы. Елбасы осыларды қабылдауға келді және оның Жезқазған өңірінің келешегін ашуға себепкер болатынын болжап айтты. «Жезқазғанның теміржол тұйығында тұрғаны бәрімізді әруақытта қинайтын еді, – деді ол. – Кеңес Одағы кезінде барлық теміржол Ресейге қарай салынды. Ал, көлденең жүретін, елді бір-бірімен қатыстыратын жол салынған жоқ. Ол Кеңес Одағының да, Ресейдің де ешқандай жоспарына кірмеді. Қазақстанды ешкім ойламады. Енді міне, еліміздің экономикасы ілгерілеп, 500 миллиард теңге ақша бөлінетін жағдайға жеткеннен кейін осындай 1200 шақырымдық жол салынып отыр. Бұл – айта салғанға өте оңай. Ал, маңызына келсек, алдағы 50-100 жылда пайдаланатын игілігіміз». Елбасы теміржолдың төрт облыстың бірнеше ауданына тіршілік нәрін беретіні, теміржол бойына ел қоныстанып, жаңа кенттер бой көтеретіні жайында әңгімеледі. Жезқазған жерінің астында қалған ойдым-ойдым кендер қалдықтарын көтеру мәселесін қозғады. Бұл – Жезқазғанның кені таусылды, оның болашағы жоқ деп лақапқа қарсы қазақ Үкіметінің жүргізіп жатқан шаралары туралы сөз. Оның аржағында Жезқазған кеніші маңында жаңа барлау жұмыс тарының жүргізілуі күтіп тұр. Өндіріс қазақ ауылынан алыстап қалмай, теміржол арқылы ел мен ел араласып, халық тіршілігінің ұлғаюға бет алғанын әлем көрді.

Елінің тағдыры, халқының халі, оның отаршылдық жағдайда бұрын көрген құқайлары әрқашан Елбасының ойында тұратыны байқалатын. Ел ішіндегі байланысты дамытпай, тек орталыққа қарай тасымалдауға бағытталған жол туралы ой осыны аңғартады. Қабылдауына бір барғанымда, В.С.Черномырдинге айтқан сөзін мен бір әңгімеде еске алған едім. Қайталасам, ештеме етпес. Ақорданың іске қосылған тұсы ғой, мен Ақордамен танысудан алған әсерімді жеткізіп, құтты болсын айтқанымда, Елбасы: «Жаңа сіздің алдыңызда Ресей премьер-министрі В.С.Черномырдин болды. Ол да «Құтты болсын» айтты. Мен соны пайдаланып, «Үш ғасыр бодандықта ұстадыңдар, сон да ең болмаса осындай бір сарай салып бермедіңдер. Ағылшындар, француздар, испандардың отар елдерінде тұрғызған сарайлары әлі де сақталып тұр дедім», деген еді.

Қазір олардан болмаған қайырды өз қолымен атқарып, Қазақстанның өзі салып жатқан сарайлар мен құрылыстарды еске алудың өзі жеткілікті.

Президент сұхбаты біздің әлеуметтік өміріміздің бірталай саласын қамтиды. Қазақ ішіндегі мұсылмандық және дін жағдайы, қазақ тарихын зерттеу мен ұлттық тілдің дамуы, жастарды отаншылдық, патриоттық сезімге баулудың мәселелері, экономикалық, кедендік одақ туралы ойлар жұрт көңілінде дүдәмал боп жүрген талай сұраққа жауап тапты. Президент көпті шатастырып жүрген қиғаш ойлардың біразының бет пердесін сыпырып, шындықты түсіндірді.

Соның бірі – дін мәселесімен байланысты. Қазақ – негізінен иманды халық. Ол дінді соқыр сезіммен де, фанатикалық көзқараспен де қабылдамаған. Қазақтың ұлттық өркениетінің негізгі исламда жатыр. Ол Құдай жолын адал ұстауды парыз санаған. Абайдың Құдай туралы ұғымының өзі жаттанды қағидатқа сүйенбейді. Адам түсінігіне, өмір, тіршілік сыры туралы талғамның тазалығына, ұлттық дәстүрге сүйенеді. Сондықтан оның құдайы – сенімі, ақ, адал түсінігі. Елбасы: «Қазақ ешқашан дінінен айырылып көрген емес. Ешқандай уақыт үзіліс болмағандай, дінімен қайта қауышты да, әрі қарай жалғастырып жүре берді. Бұрынғыдай қорықпай, жасқанбай, дінге бас иіп, Құдайға құлшылық етіп, мешіттер салып жатырмыз», – дегенді қазақтың имандылығына, құдай жолына адалдығына қарап айтқан. Алайда қазақ ішінде де жалпы мұсылмандар сияқты іштей бөліну, дін қағидаларын өз пайдасына қарай лайықтап тарату, содан өзара ұғыспайтын ағым, түсініктердің көбеюі сияқты нәрселер кездесіп қалып жатады. Президент бізді осыдан сақтандырады. Дінді бөліп, әркімнің өз дінін жоғары қоюына жол бермеуді ұсынады. «Абайлауымыз керек, – дейді ол. – Біздің дініміз керемет, басқа діндердің керегі жоқ деген жөн. Біздің дініміз – өзіміздің дініміз. Бірақ басқаны да үйренуіміз, білуіміз, сыйлауымыз, құрметтеуіміз қажет. Сонда мұсылманның діні де құрметтелетін болады. Дінге бас ұрып жүріп, біз оның теріс жағына түсіп кетпеуіміз керек». Бұл сөзден дінаралық байланыстарды таза, саясаттан тыс жүргізуді көздейтін, діндерді бірлікке, халықтардың жақындасуына, соғысқа қарсы бейбіт саясат құруға негізделген біздің Елбасының ірі қоғамдық еңбегінің жемісін танимыз. Ұлттар мен ұлыстардың бірлігі, татулығы, дінаралық байланыстарды сыйластыққа құру жайында Н.Назарбаевтың әлем алдындағы ұлы ең бегі елдің бәріне де белгілі. Ол соғыспен мемлекет, дін жасаймыз, бір тұтас мұсылмандық халифат орнатамыз деу іші лерге қарсы. Діннің парқын, түпкі мақсатын түсінбей, тобырмен жүргендерді атап кетеді. Дінді, мұсылмандықты адамды имандылыққа, бірлікке, Отанды сүйуге, бауырмалдыққа, кемтарларға көмектесуге баулу туралы Елбасы ойлары да аса бағалы.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің түп тарихы мен оның өзіне тән ұлттық құрылымы, хандық құрылыстың дамуы жайлы Елбасы ойларының маңызы да аса үлкен.

Біздің ірі қайраткерлеріміздің барлығы да қазақ мемлекеттігінің, ұлттық дамуының тарихымен шұғылданған. Негізгі мамандығы дәрігер С.Асфендияров пен Х.Досмұхамедов те (Петербордың әскеридәрігерлік академиясын бітірген), теміржол инженері М.Тынышбаев та, орман шаруашылығы институты мен Петербор университетінің заң факультетін бітірген Ә.Бөкейханов та, өмірі мен еңбегін саясиқоғамдық қызметке арнаған Т.Рысқұлов та қазақ тарихының мәселелерін зерттеген. Әсіресе, Асфендияров пен Тынышбаев қазақтың көне тарихын терең білген. Ұлтының болашағы мен азаттығы үшін күрескен осы топ тарих деректерін қазақ халқының түркілік негізін дәлелдеуге, бүгінгі қонысынан көне дәуірден бері қозғалмай, сол жерде мекендеген халықтар негізінде қазақ ұлты туып қалыптас қаны жайлы ойлар қалдырған. Біздің тарихымызға қатысты мәліметтер Н.Назарбаев еңбектерінде мол ұшырасады. Бұл тұрғыда оның «Тарих толқынында», «Ғасыр лар тоғысында», «Қазақстан жолы» атты кітаптарының ғылымдық та, саяси да мәні зор.

«Қазақтардың тарихи түп-тамыры мейлінше тереңде... Біз кеше ғана пайда бола қалған халық емеспіз», – дейді ол. Ал, «Сұхбатта»: «Біздің еліміз қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын орда орнығады. Сөйтіп хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп тәуелсіздікке келіп тіреледі. Осындай үлкен тарихымыз бар». Бұл сөз қазақ тарихының негізгі сұрлеуін салып қана бермейді, қазақ мемлекетінің қалыптасу жүйесі мен оның даму заңдылықтарын, мемлекеттіктің негізінде ұлттық, қазақтық сананың өрістеуі жолын белгілейді. Осы бір тарих ізінің сұрлеуіне сүйеніп, Елбасы кәсіби тарихшыларға қазақтың өзін-өзі тануы туралы идеяны ұсынады. Кейін тәуелсіздік алған елдің шекарасын белгілеуі, ол туралы көршілермен жасасқан шарттар сол тәуелсіздікті баянды етудің амалы екені даусыз. 2004 жылдан басталып әлі жалғасып келе жатқан Президент идеясынан туған «Мәдени мұра»

бағдарламасы да осы көзқарастың жалғасы. Бұл мерзімде Елбасының тікелей көмегімен қазақ тарихы туралы мәліметтер мен әр жерде (мемлекеттерде) сақталған тарихи жәдігерліктер, деректер жиналып, ғылыми айналымға қосылды. Солар арқылы халық тарихын, оның салт-санасын, әдет-ғұрпын қалпына келтіру, оларды археологиялық қазбалар арқылы дәлелдеу шаралары іске асты. Қазір жарық көрген 100 томдық «Бабалар сөзі» атты басылым қазақтың халықтық әдебиетінің аса бай мұрасын дүние жүзіне әйгілеп отыр. Ол талай елді таңырқатуда.

Барды жинап, халыққа жеткізіп, алға нұсқау – Президент ұсынған Мәңгілік ел идеясын екінші жағынан толықтырып тұрғаны түсінікті. «Менің арманым, ойым – Қазақстанның мәңгілік болуы», деп Президент оны ашық айтты. Ол үшін Үкімет тарапынан жасалып жатқан ісшаралар жөнінде әңгімеледі. Мәңгілік ел – құрғақ ұран емес, елді мәңгілік етерлік, оның қоғамдық жүйесін оны-мұныға қозғалмайтындай етіп бекіте түсерлік біздің іс-қайратымыз. Жастар қаулап өсіп келеді, Қазақстанды алға сүйрейтін, оның мемлекеттігін нығайтатын да солар. Отанын сүйетін, сол үшін жанын да беретін, білімі мен іскерлігін аямай тын жастар ғана Мәңгілік елді құрушы. Президент идеясының төркіні осында жатыр.

«Отан» деген үлкен ұғым. Отанды қорғау дегенде, әрине, адам баласы алдымен өзінің шаңырағын ойлайды. Әкенді, шешенді, бауырларыңды, балаларыңды, немерелеріңді ойлайсың. Сол жүрекпен, сол тілекпен Отаныңды қорғайсың. Сондықтан тарихыңды білген жөн болар. Тарихын білмеген ұлттың болашағы да бұлыңғыр. Мысалы, керемет үлкен еменнің тамыры терең болмаса, ол дауылға шыдап тұра алмайды. Заман өтеді, уақыт алға жылжиды. Ұрпақтар бірінің жолын бірі жалғайды... Ата-бабамыздың жері осылай керемет болып қала береді. Осындай әулиелі жерден қуат алған халқымыз ата-бабалар жолымен жүреді деп санаймын. Ол жол – сара жол, Мәңгілік елдің жолы», – дейді одан әрі.

Елбасының Ұлытаудағы сұхбатында ұлттық тілді дамытудың мәселелері өткір және ашық қойылды. «Мен бәрін білемін», – деді Президент. – Біздің жазушыларымыз, мәдениет өкілдері «біздің тіліміз жетімдік көріп келеді, тәуелсіздіктің жиырма жылы ішінде байғұс тіліміз жетімдіктен шықпай жүр» деп айта береді. «Бақытсызбын» деген адам бақытсыз болады. «Бақыттымын» деп жүрсе, бақытты болады. «Тіліміз бар» деп жүрсе, тіліміз бар болады, «Тіліміз жоқ» деп жүрсе, тіліміз жоқ болады. Қай қайдағыны, ақырзаманды басқа орнатпай, тіл туралы заңды қолданып, өзімізбен өзіміз қазақша сөйлесуіміз керек».

Тіл жанашырлары тарапынан мұндай сөздердің айтылып қалып жүретіні жасырын емес. Алайда, сонымен қатар, Елбасының қазақ тілін мемлекеттік тіл деп жариялатып, оны сақтаудың және дамытудың жолына сіңірген еңбегін де естен шығаруға болмас. Біраз елдің үш тұғырлы тіл саясатына да риза еместігі сезіледі. Бірақ уақыт бәрін орнына қояды екен. Қазір біртіндеп мұндай ойлар да сабасына түсе бастады.

Ұлытау сұхбатында Президент болашақтың бізге бет бұрғанын, уақыттың да біздің пайдамызға қызмет ете бастағанын, қазақтардың саны артып, қазақ тілінің қолданылу ауқымы кеңейе түскенін ашық айтты. Ел тәуелсіздігін жариялаған кезде жалпы халықтың 40%-ы ғана қазақтар болса, қазір олар 65%-ға жетіпті. Үш тілді – мемлекеттік тіл, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру халықтың келешегі үшін пайдалы екенін, дүниежүзі халықтарымен ғылым мен техника тілінде қарымқатынасты ұлғайту үшін қажеттігі дау тудыруға тиісті емес.

Бұл мәселеде асығыстық қажетсіздігін, сабырлылық, шыдамдылықтың керектігін Президент бұрын да талай айтқан. Бірақ соған мән бермей, ана тілін бөліп алып қамқорлық жасаудың мүмкін еместігін ұға да алмағанымыз рас. Қазақ тілінен басқа тілді жауып тастаудың нәтижесін көрші елдермен қарым-қатынастан түсініп жатырмыз. Президент айтқан сабырлылықтың сыры осында екенін енді ғана ұққандаймыз.

Мәселен, уақыттың өзі талай мәселені біздің пайдамызға шешіп жатқанын бұған қатысты цифрлар да дәлелдеуде екен. 1999 жылғы санақ бойынша Қазақстан халқы 14,953

мың болыпты. Оның ішінде қазақтар 7,985 000 (53,4%), орыстар 4,479,620 (29,96%) адам болған. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі 2014 жылы қазақтардың саны 65,6%-ға жеткенін жариялады. Проф. Э.Сүлейменованың зерттеуі бойынша, қазақ тілі мектепте 49,2%, жұмыста 31,2%, достарымен ортада 47,2%, көршілерімен қарым-қатынаста 51,2%, дүкендерде 24,8%, көлікте 27,6%, банктерде 22,4%, мемлекеттік мекемелерде 29,6%, базарларда 30,0%, газет-журналдар оқығанда 38,4%, көркем әдебиет оқығанда 48,8%, ғылыми әдебиет оқығанда 45,6%, радио тыңдауда 35,2%, теледидар көруде 31,2%, интернетте 17,6%, компьютерде 16,8%, әскерде 28% қолданылады екен. Ал, қазақ тілін орыстар 1,8% жұмыста, 0,9% достарымен кездесуде, 0,9% базарда ғана қолданып, басқа жерлерде орыс тілін пайдаланады. Бұл мәліметтер Қазақстан халқының өмірінде қазақ тілі орыс тілін ығыстыра бастағанын көрсетеді. (Сүлейменова Э.Д. Языки народов Казахстана. А. 2007). Өздерінің ұлттық ортасы азайған соң ұлт өкілдерінің дені ұлттық болмысын жоғалта бастаған.

Бұл – уақыттың өзі қазақ тілінің пайдасына қызмет істей бастағанының белгісі. Мұның өзі орыс тілділердің аузын күшпен жаппай-ақ олардың ықпалы азая бастағанын көрсетеді. Президенттің сабырға шақыруының себебін енді түсінгендейміз. «Көп облыстарда барлық іс қағаздары қазақ тілінде жүргізіледі. Оған ешкім кедергі жасамайды. Қазір өз тағдырын Қазақстанмен байланыстыратын адамның бәрі баласына қазақ тілін үйретіп жатыр. Ал енді тарихын, болашағын қазақпен бірге деп санамайтындар бәрібір кетеді. Біз оған тыйым сала алмаймыз. Сондықтан өз халқымыздың сана-сезімін үйретіп, өз тілімізді бағалауымыз керек дегенді Президент нақтылай айтты.

Сонымен бірге, Президенттің таза қазақ тілінің өз проблемалары жеткілікті екеніне көңіл аударуы – өте қажетті мәселе. Тілдің майын тамызып, көркем, бай тілде сөйлеу, қазақ арасына сіңіп кеткен, басқа ұлттардан ауысқан сөздерді қуып шығып, тілді байытудың орнына кедейлендіру, терминология мәселесін реттеу сияқты ескертпелер тіл мамандары мен ұлт тілінің жанашырларының назарында болуға тиіс. Майын тамызып әдемі сөйлеу кім үшін болса да қажет.

«Тіліміз өркендеп-өсіп келе жатыр дей аламын», – деді Президент бұл мәселені жинақтай келе. – Қазір ешқандай қауіп жоқ. Қазақстанда мемлекеттік тілдің болашағы зор... Ал, мына ағылшын тілін дүниежүзі халқының 70 пайызы қолданады. Неге оны қолданады? Ол – ғылым мен білімнің, ақпарат құралдарының, интернеттің, медицина мен мәдениеттің тілі. Ағылшын тілін білмей-ақ өмір сүреміз деуге болады. Әрине, болады! Бірақ онда ағылшын тілі арқылы тарап жатқан ілімді білмейсің. Оны білмесең, өркендеп-өсуіңе жол ашпайсың, болашағыңа балта шабасың. Сондықтан біз мемлекетімізді алға сүйреп, экономикасын көтеріп, өркендеп-өсіп, озық отыз елдің қатарына қосыламыз деп отырғанда, халқымыз, жастарымыз ағылшын тілін білмесе, қалай болады? Мысалы, 1 жарым миллиард халқы бар қытай елі қытай тілін құрметтеп отыр ғой. Бірақ барлық элитасы, бизнесі ағылшын тілінде де сөйлейді. Жапондардың бизнес элитасы, ғылым-білімі ағылшын тілінде. Бір миллиард халқы бар Үндістан тәуелсіздігін алған кезде ағылшын тілін доғарып тастады да, 5-6 жылдан кейін қайта оралды. Сингапурда да, Малайзияда да солай болды. Мына бізді отарлаған елдің тілі құрысын деп қолданыстан алып тастап, керек болған соң қайтып келді. Сондықтан үш тілді – мемлекеттік тіл, орыс тілі және ағылшын тілін игергеніміз өте дұрыс. Соның ішінде біздің мемлекеттік тіл қатар келе жатыр. Біз соны неге ойламаймыз? Біз осылай үштұғырлы тілді қолдансақ, түбінде біздің жолымыз ашық болады. Осыны түсіну керек. Бұл жерде асығыстық жасамау керек. Сабырлы болған жөн. Біздің көпұлтты болып отырғанымызға ешкім кінәлі емес. Тағдыр солай болды. Өзге халықтардың да ешқандай жазығы жоқ. Орыстардың, украиндардың, белорустардың, ұйғыр, чешен секілді халықтардың не кінәсі бар? Осылай болды, тарих бізді көпұлтты етті. Бәрінің басын қосып, Қазақстанның бірлігін сақтап, төзімділік танытып, экономикамызды өркендетіп, өсе беретін болсақ, келешек қазақтың қолында болады».

Президенттің Кеден одағы, Еуразиялық экономикалық одақ сияқты бірлестіктер мен Қазақстанның байланысы, оның ел экономикасына әкелетін пайдасы да сұхбатта дәлелді түсіндірілген. «Ресеймен қайта қосылып кетеміз бе?» – деген қауіптің негізсіз екені, көрші елдермен сауда-саттық жұмысын жүргізу туралы айтқандары көңілге қонады.

Елбасының ойлары мен ақыл-кеңестері – біздің еліміз үшін, оның дамуына жаңа бағдар беретін бай кеніштің көзі. Ол бүгінгі беймаза заман алға ұсынып отырған қатерлер мен сынақтардан абыроймен өтудің жолы жайлы ойлардан бір мезгіл босап көрген емес. Бірғалып-жырғалуды көтермейтін уақыттың ырқында қалу дегенді білмейді. Оны біз кеше ғана халқына ұсынған Елбасының жаңа Жолдауынан тағы көреміз. Мұнда ол қазіргі жаһанды қысып келе жатқан дағдарыстың сырларын терең талдап, Қазақстанның одан аман-сау шығып кетуін көздейтін жалпы бағдарламалар ұсынады. Егер біз Елбасының жолын нық ұстанып, ол айтқан кеңестерді табандылықпен жүзеге асырсақ, дағдарысқа да ұрынбай шыға алатынымыз күмәнсіз. Бұл ойлар Қазақстан халқының болашағын терең ойлаудан, оның әрбір қадамын қадағалап, сәтсіздіктен сақтандыруды көздеген көрегендіктен туады. Оның дағдарыстан қиналмай өтудің негізгі темірқазығы – халықтың бірлігін, ынтымағын сақтай отырып, ел ырысын шашып-төкпей, ықтияттылықпен жұмыс істеу, ерінбей еңбек етуге тіреледі.

Бұл жолды Елбасы «Нұрлы Жол» деп атаған. Оның бағдарламасында ел алдындағы барлық әлеуметтік міндеттемелерді толық көлемінде іске асыруды қамтамасыз ету, экономикалық саясатқа қажетті өзгерістер жүргізу көзделген. Сөйтіп, бұрын іске асып жатқан реформаларды аяқтап шығуды жақтайды. Мұның нақты шаралары Елбасының Жолдауында дәлдікпен түсіндірілген. Экономиканы дамытуда жаңа сыртқы тәуекелдерді есептей отырып, ішкі белсенділік пен іскерлік бастамаларды ұлғайту қажет. Сонда ғана біз «Нұрлы Жолға» шығамыз. Жол – шын мәнінде өмірдің өзегі, бақуатты тіршіліктің қайнар көзі. Барлық аймақтар теміржолмен, тас жолмен, әуе жолымен өзара тығыз байланысуы керек. Астанада тоғысқан тоғыз жолдың торабы – елорданың жасампаздық рухын тарататын өмір-тамырға айналуы тиіс» – деді Елбасы. Экономикалық аймақтардағы жаңа инфрақұрылымдар, индустриялық бағдарламалар, туризм, энергетикалық инфрақұрылымды жаңарту, шағын және орта бизнесті ұлғайтуды жалғастыру – бәрі де «Нұрлы Жол» бағдарламасына кіреді. Сонда ғана «Нұрлы Жол» әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру жолындағы біздің ауқымды қадамымыз болмақ. Жалпы ұлттық идеямыз – Мәңгілік елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын «Нұрлы Жолға» айналдырамыз. «Жаңа қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік ел. Ол барша Қазақстан қоғамының ұлы құндылығы».

Мұндай сөздер әркімнің-ақ бойына қуат құяды, ісіне жігер береді. Әрбір қазақстандық өзінің нұрлы жолын белгілеп, оны шын мәніндегі мәңгілік елдің мәңгі жолына ұластырады. Мәңгілік ел – елімізді біріктіруші ұлы күш екенін көреміз. Сөйтіп, тәуелсіздігіміздің даму бағыты мәңгі жолға ұласатыны күмәнсіз.

1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні. Президент – ел иесі, жер иесі. Ел мен жер киесін ол қатты сезінеді. Ел аруағы мен жер аруағын тең ұстап, жұлдызға қарап жорыққа шығатын Әмір Темірше халқын ұлы жолға сәтті бастап келеді. Ұлытау сұхбаты осы кезеңнің үлкен өзекті ойын ел алдына жайып салды. Алла алға ұстанған Асылымызға, елін ілгеріге сүйреп келе жатқан Ерімізге өмір берсін! Іске сәт!

Серік ҚИРАБАЕВ
академик.